

**«Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ
«Korkyt ata endowment» корпоративтік қоры**

**Қамқоршылық кеңестің
отырысында бекітілген
№2 хаттама, 11.04.2025 жыл**

**А.ТАПАЛОВА АТЫНДАҒЫ АТАУЛЫ СТИПЕНДИЯ БЕРУ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Қызылорда, 2025 жыл

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер
2. А.Тапалова атындағы атаулы стипендияны тағайындау
3. Стипендия беруге арналған конкурсты өткізу тәртібі
4. Стипендияны төлеу тәртібі

Қосымша

I. Жалпы ережелер

1.1 Осы ереже Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Жаратылыстану институтының «Биология, география және химия» білім беру бағдарламаларының (БББ) бакалавриат білім алушыларына профессор, техника ғылымдарының кандидаты А.Тапалованың атаулы стипендиясын тағайындау және төлеу шарттарын, өткізу тәртібін айқындайды (бұдан әрі – Стипендия).

1.2 Стипендия “ЖОО үздік оқытушысы”, техника ғылымдарының кандидаты, профессор А.Тапалова құрметіне тағайындалған.

1.3 Стипендияның мақсаты Жаратылыстану институтының 6B01515– «Химия», 6B01516 –«Химия-Биология» білім беру бағдарламалары бойынша жақсы үлгерімі бар, университеттің қоғамдық өміріне белсенді қатысатын, ғылыми-зерттеу жұмысында жоғары нәтижелері бар, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған отбасылардан шыққан дарынды білім алушыларды көтермелеу және әлеуметтік қолдау болып табылады.

2. А.Тапалова атындағы атаулы стипендияны тағайындау

2.1 Ереже Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің, Жаратылыстану институтының бакалавриат білім алушыларына қолданылады.

2.2 Стипендия осы Ереженің 1.3-тармағының талаптарына сәйкес келетін Жаратылыстану институтының күндізгі білім беру бағдарламаларының 2-ші (екінші), 3-ші (үшінші) курс бакалавриат білім алушыларына тағайындалады.

2.3 Стипендия алуға үміткердің жаратылыстану институтының «Биология, география және химия» білім беру бағдарламалары бойынша жақсы үлгерімі болуы, институт пен университеттің оқу және қоғамдық өміріне белсенді қатысуы, сондай-ақ осы Ереженің 1.3-тармағының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

2.4 Стипендия алушы (бұдан әрі-Стипендиат) конкурстық негізде айқындалады.

2.5 Жаратылыстану институты ұсынған үміткерлер арасынан 3 (үш) үміткерді «Korkyt Ata endowment» корпоративтік қорының Қамқоршылық кеңесі іріктейді.

3. Стипендия беруге арналған конкурсты өткізу тәртібі

- 3.1 Стипендия алуға арналған конкурс ашық болып табылады.
- 3.2 Конкурс жылына 1 (бір) рет өткізіледі.
- 3.3 Конкурс туралы ақпарат күнтізбелік жылдың сәуір айынан бастап Қорқыта Ата атындағы Қызылорда университетінің сайтында және әлеуметтік желілерде жарияланады.
- 3.4 Стипендия Конкурсын өткізу 2025 жылдың 21-23 сәуір аралығында үміткерлерден құжаттарды тиісті БББ қабылдайды.
- 3.5 Үміткер құжаттарын «Korkyt Ata endowment» корпоративтік қорының Қамқоршылық кеңесінде қарау үшін ұсынады.
- 3.6 Стипендия тағайындау үшін құжаттардың уақытылы рәсімделуіне және ұсынылуына БББ жетекшісі жауапты болады.
- 3.7 Стипендия алу конкурсына қатысу үшін «Korkyt Ata endowment» корпоративтік қорының Қамқоршылық Кеңесіне А.Тапалова атындағы атаулы стипендиясы туралы Ережесінде көрсетілген құжаттарды ұсыну қажет:
- Қамқоршылық кеңесте стипендия тағайындау мәселесін қарау туралы ұсыныс;
 - Стипендияға өтінім-сауалнама (осы Ереженің Қосымшасы);
 - отбасы және әлеуметтік жағдайы туралы құжаттың көшірмесі;
 - оқу үлгерімі туралы құжаттың көшірмесі (транскрипт);
 - әр түрлі жобаларға, олимпиадаларға, тағылымдамаларға және т.б. қатысқаны туралы дипломдардың/сертификаттардың көшірмелерін (болған жағдайда). Конкурсқа қатысуға үміткер жоғарыда көрсетілген құжаттарды «Korkyt Ata endowment» ұсынуы қажет.
- 3.8 Үміткерлердің құжаттары «Korkyt Ata endowment» корпоративтік қорының Қамқоршылық кеңесі отырысында қаралады.
- 3.9 Конкурстың нәтижелері бойынша «Korkyt Ata endowment» корпоративтік қорының Қамқоршылық кеңесі стипендия алуға конкурс өткізілетін жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей стипендия тағайындау туралы шешім қабылдайды.
- 3.10 Стипендия беру туралы шешім «Korkyt Ata endowment» корпоративтік қорының Қамқоршылық кеңесінің шешімі негізінде рәсімделеді.
- 3.11 Конкурс жеңімпазы-стипендиатқа бұқаралық ақпарат құралдарын тарту мүмкіндігі бар жағдайда, салтанатты түрде оған атаулы стипендия тағайындау туралы сертификат тапсырылады.
- 3.12 Бір үміткер осы Ереженің 2-бөлімінде жазылған талаптарға сәйкес келген жағдайда келесі күнтізбелік жылда Конкурсқа қайта қатыса алады.

4. Стипендияны төлеу тәртібі

4.1 Стипендия төлеуді ҚР заңнамасына сәйкес «Korkyt Ata endowment» корпоративтік қоры жүзеге асырады.

4.2 Стипендия конкурс өткізілетін жылдың 01 қыркүйегінен бастап, әр ай сайын 3 стипендиатқа 30 000 теңге (отыз мың теңге) көлемінде қыркүйек-мамыр аралығындағы 09 айға (тоғыз ай) стипендиат шотына төленеді.

4.3 Стипендиат ақшалай қаражатты аудару үшін деректерді стипендия тағайындау туралы сертификатты алғаннан кейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей ұсынады. Банк деректемелері өзгерген жағдайда, Стипендиат дереу хабардар етуі және ақша аудару үшін тиісті құжаттарды ұсынуы керек.

АТАУЛЫ СТИПЕНДИЯ КОНКУРСЫНА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ**Дербес деректер**

Т.А.Ж.	
Туылған күні	
Телефон, e-mail	
Институт, БББ атауы	
Курс, оқу тобы	
GPA	
Әлеуметтік жағдайы	

**Жобаларға, олимпиадаларға, байқауларға, спорттық шараларға және
т.б. сайыстарға қатысу туралы ақпарат**

Күні	Атауы	Нәтижесі

Жұмыс (ерікті болу) тәжірибесі (егер бар болса)

Күні	Мекеме атауы	Жұмыстың мазмұны

**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Korkyt ata
endowment» корпоративтік қорының қамқоршылық кеңесі
отырысының**

№ хаттамасы

Қызылорда қ.

Күні:

Уақыты:

Өткізілген орны: *Қызылорда университетінің бас ғимараты, коворкинг орталығы*

Қатысушылар: *Қамқоршылық кеңес мүшелері*

Күн тәртібі:

- 1) Профессор А.С. Тапалова атындағы стипендияны тағайындау мәселесін қарастыру;
- 2) Стипендияға үміткерлердің тізімін талқылау;
- 3) Стипендияны тағайындау туралы шешім қабылдау.

Талқылау:

Қаулы: Профессор А.С. Тапалова атындағы стипендияны тағайындау туралы шешім бірауыздан қабылданды. Стипендия иегері ретінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің келесі студенттері таңдалды:

- 1.
- 2.
- 3.